

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының, оның персоналының және Кеңеске мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қарашадағы № 500-IV Заңы

2010 жылғы 8 маусымда Стамбулда жасалған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының, оның персоналының және Кеңеске мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

АӨСШК Үшінші саммитінде мақұлданды

**Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес
Хатшылығының, оның персоналының және Кеңеске мүше мемлекеттер
өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы
КОНВЕНЦИЯ**

Осы Конвенцияны жасасқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттер, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын және 2002 жылғы 4 маусымдағы Алматы Актісін басшылыққа ала отырып, 2006 жылғы 17 маусымдағы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы туралы келісімнің 5-бабы 2-тармағының ережелерін іске асыру мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады:

- a) «АӨСШК» - Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес;
- b) «Хатшылық» - АӨСШК-нің Хатшылығы;
- c) «Тараптар» - осы Конвенцияны ратификациялаған, қабылдаған, бекіткен немесе оған қосылған АӨСШК-ге мүше мемлекеттер;
- d) «Атқарушы директор» - Хатшылықтың бас лауазымды тұлғасы;
- e) «Атқарушы директордың орынбасары» - Хатшылықтың бас лауазымды

тұлғасының

орынбасары;

f) «кәсіби персонал мүшелері» - АӨСШК-ге мүше мемлекеттер іссапарға жіберетін және АӨСШК-нің Аға лауазымды тұлғалар комитетінің мақұлдауы бойынша Атқарушы директор тағайындайтын Хатшылықтың лауазымды тұлғалары;

g) «отбасы мүшелері» - Хатшылықтың Атқарушы директорымен, Атқарушы директордың орынбасарымен және кәсіби персонал мүшелерімен бірге тұратын олардың жұбайлары мен асырауындағы 18 жасқа дейінгі балалары;

h) «Тараптардың өкілдері» - АӨСШК отырыстарына қатысу үшін тиісті Тараптар жіберетін тұлғалар.

2-бап

Хатшылықтың құқық қабілеттілігі

Хатшылық әрбір Тараптың аумағында өзінің функцияларын орындау үшін қажетті құқық қабілетіне ие.

3-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер

Жалпы ережелер

1. Осы Конвенция бойынша артықшылықтар мен иммунитеттер тиісті тұлғалардың жеке пайдасына арналмаған, бірақ олардың ресми функцияларды тәуелсіз орындауын қамтамасыз етеді.

2. Егер иммунитет сот төрелігін жүргізуге кедергі болса және одан бас тарту иммунитет берілген мақсаттарға залал келтірмесе, онда одан бас тартылуы мүмкін. Иммунитеттен бас тарту айқын білдірілуге тиіс. Иммунитеттен бас тарту туралы шешімді:

a) Атқарушы директорға және Атқарушы директордың орынбасарына қатысты - АӨСШК-нің Аға лауазымды тұлғалар комитетінің ұсынымы бойынша министрлік кездесулер барысында ортақ ымыра негізінде немесе мұндай кездесулер арасындағы кезеңде дипломатиялық арналар арқылы бір ауыздан Сыртқы істер министрлері немесе олардың ресми уәкілетті өкілдері;

b) кәсіби персонал мүшелеріне қатысты - Атқарушы директордың ұсынымы негізінде АӨСШК-нің Аға лауазымды тұлғалар комитеті;

c) Тараптардың өкілдеріне қатысты - жіберуші Тарап қабылдайды.

3. Артықшылықтар мен иммунитеттер қолданылатын тұлғалар өздерінің жоғарыда аталған артықшылықтары мен иммунитеттеріне залал келтірместен, Тараптардың заңнамаларын құрметтеуі тиіс.

4-бап

Хатшылықтың артықшылықтары мен иммунитеттері

1. Хатшылық, оның мүлкі мен активтері, қай жерде және кімнің иелігінде болсын, иммунитеттен бас тарту айқын білдірілген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік ықпал етудің немесе сот жауапкершілігінің кез келген нысанынан иммунитетті пайдаланады. Ерекше жағдайларда ғана Атқарушы директордың ұсынысы бойынша АӨСШК-нің Аға лауазымды тұлғалар комитеті иммунитеттен бас тарту туралы шешім қабылдайды. Иммунитеттен бас тартудың ешқайсысы сот-атқару шараларына қолданылмайды.

2. Хатшылықтың мұрағаты мен басқа да құжаттарына қол сұғылмайды.

3. Қаржылық бақылаумен, қағидалармен немесе мораторийдің қандай да бір түрімен шектелместен, Хатшылық өзінің мақсаттарына сәйкес қызметін жүзеге асыру үшін қажетті шекте Тараптардың аумағында тиісті Тараппен келісім бойынша қорлар немесе шоттар иеленуге құқылы.

4. Белгілі бір қызмет түрлері үшін төленетін төлемдерді қоспағанда, Хатшылық, оның активтері, кірістері мен басқа да мүлкі барлық тікелей салықтардан босатылады.

5-бап

Атқарушы директордың, Атқарушы директор орынбасарының және кәсіби персонал мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері

1. Атқарушы директор, Атқарушы директордың орынбасары және кәсіби персонал мүшелері мынадай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады:

а) жеке тұтқындаудан немесе ұстаудан иммунитет, сондай-ақ:

i. Хатшылыққа немесе жоғарыда аталған тұлғалардың біреуіне тиесілі немесе олардың жүргізуіндегі автокөліктен болған жол-көлік оқиғасына байланысты залалды өтеуге қатысты сот талаптарын;

ii. көрсетілген тұлғалар тарапынан жасалған іс-қимылдардан болған кісі өліміне немесе дене жарақаттарына байланысты залалды өтеуге қатысты сот талаптарын қоспағанда, олардың ресми өкілдер ретінде айтқан немесе жазылған және жасаған барлық іс-қимылдары үшін сот жауапкершілігінен иммунитетті;

б) көшіп келу және олар уақытша болатын немесе өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде өтетін Тараптың аумағында шетелдіктерді міндетті тіркеу бойынша шектеулерден босатылады;

с) тиісті Тарап аумағында дипломатиялық агенттерге берілетін сияқты валютамен жасалатын операцияларға қатысты артықшылықтарды;

д) халықаралық дағдарыстар уақытында дипломатиялық агенттер пайдаланатын сияқты репатриация бойынша жеңілдіктерді де пайдаланады;

е) осы Баптың 1-тармағының (б) және (д) тармақшаларының ережелері отбасы

мүшелеріне де қолданылуы тиіс.

2. Тарап осы Баптың 1-тармағында айтылған артықшылықтар мен иммунитеттерді:

- а) өз азаматтарына немесе тұрақты резиденттерге;
- б) өзімен дипломатиялық қатынастар орнатылмаған Тараптың азаматтарына беруге міндетті емес.

6-бап

Тараптар өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері

1. Тараптар өкілдеріне олар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде және отырыс өткізілетін жерге бару және қайту кезінде мынадай артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі:

а) жеке тұтқындаудан немесе ұстаудан және олардың өкілдер ретінде айтқан, жазған немесе жасаған барлық іс-қимылдардан иммунитет, сондай-ақ АӨСШК отырысы өтіп жатқан Тараптан кез келген түрдегі сот жауапкершілігінен иммунитет;

б) олардың барлық қағаздарына, құжаттарына және электронды деректер тасығыштарына қол сұғылмаушылық;

с) олардың өздерін және олармен бірге жүретін жұбайларын көшіп келу, олар уақытша болатын Тараптың аумағында немесе өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде өтетін аумақта шетелдіктерді тіркеу бойынша шектеулерден босату;

д) уақытша қызметтік іссапарларда жүрген шет мемлекеттердің өкілдеріне берілетін сияқты валюталық шектеулерге немесе валюта айырбастауға қатысты жеңілдіктер;

е) дипломатиялық агенттерге берілетін сияқты олардың жеке қол жүгіне қатысты иммунитеттер мен жеңілдіктер.

2. Тарап осы Баптың 1-тармағында айтылған артықшылықтар мен иммунитеттерді:

- а) өз азаматтарына немесе тұрақты резиденттерге;
- б) өзімен дипломатиялық қатынастар орнатылмаған Тараптың азаматтарына беруге міндетті емес.

7-бап

Визалар

1. Тараптар Хатшылықтың Атқарушы директорына, Атқарушы директорының орынбасарына және кәсіби персонал мүшелеріне, сондай-ақ АӨСШК отырыстарына қатысатын АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің өкілдеріне виза беру кезінде барлық қажетті жәрдем көрсетеді.

2. Тарап өзімен дипломатиялық қатынастар орнатылмаған Тараптың азаматтарына виза беруге міндетті емес.

8-бап

Басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттерге әсері

Осы Конвенция Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамауға және қозғаушы ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

9-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Конвенция АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Конвенция, оған қол қойған мемлекеттердің ратификациялауына, қабылдауына және бекітуіне жатады. Осы Конвенция АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Осы Конвенция депозитарий ратификациялаудың, қабылдаудың, бекітудің немесе қосылудың он төртінші құралын алған күнінен бастап отызыншы күні күшіне енеді. Осы Конвенцияны ол күшіне енгеннен кейін ратификациялайтын, қабылдайтын, бекітетін немесе оған қосылатын АӨСШК-ге мүше мемлекет үшін осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу құралы сақтауға тапсырылған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

3. Хатшылық осы Конвенцияның депозитарийі болып табылады. Депозитарий осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы, сондай-ақ тиісті Тараптардан ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу құралдарын алғаны туралы Тараптарды хабардар етеді.

4. Осы Конвенция Тараптардың өзара келісімі бойынша Хаттамамен өзгертілуі мүмкін. Хаттама осы Баптың 2-тармағына сәйкес күшіне енеді.

5. Кез келген Тарап кез келген уақытта Депозитарийге жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Конвенциядан шыға алады. Бұл Тарапқа қатысты осы Конвенцияның қолданылуы Депозитарий мұндай хабарламаны алған күнінен бастап 6 ай өткен соң тоқтатылады.

2010 жылғы 8 маусымда Стамбулда бір түпнұсқа данада ағылшын тілінде жасалды.

Үшінші саммитте "Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының, оның персоналының және Кеңеске мүше мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға" қол қойған мүше мемлекеттердің тізімі

1. Әзірбайжан Республикасы
2. Израиль Мемлекеті
3. Иран Ислам Республикасы
4. Қазақстан Республикасы

5. Қытай Халық Республикасы
6. Корея Республикасы
7. Қырғыз Республикасы
8. Ресей Федерациясы
9. Тәжікстан Республикасы
10. Таиланд Корольдігі
11. Түркия Республикасы

2010 жылғы 8 маусымда Стамбул қаласында өткен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің үшінші Саммитінде қабылданған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің Хатшылығы, оның персоналының және мүше-мемлекеттері өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияның дәлме-дәл көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і
Х а л ы қ а р а л ы қ к ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Б. Пискорский